

Егемен Қазақстан



Egemen.kz

ЖЕР

Төрткүл дүниеге күлшелі баладай қазақты сүйкімді етіп көрсетіп, сүйікті етіп отырған – ата-бабаларымыздың оққа ұшса да, отқа түссе де басқыншыға, дүрдиген дүмдіге, дүмбілез билікке бағынбаймын, өліспей беріспеймін, бір сүйем мекенімнен аларыңа келіспеймін, деп қасқайып тұрып көздің қарашығындай қорғаған, бізге мұра еткен жері екені айдай әлемге тастағы мәңгілік таңбадай ақиқат. Бүкіл Еуразия құрлығының 272,5 миллион гектарын алып жатқан сол жерімізге Батыс Еуропаның Франция, Португалия, Испания, Италия, Грекия, Норвегия, Финляндия сияқты мемлекеттер еркін сыйып кететінін айтып, әлемде жеріміздің байтақтығы бойынша 9-шы орынды қанжығаға байлаймыз дейміз. Асты-үсті байлыққа толы: мұнай, көмір, ураннан, тағы басқадан алғашқы ондыққа, хром мен мыстан біріншіліктеміз деп басымызды тік көтеріп, қалпағымызды алшасынан киіп жүретініміз және бар. Қадіріне жетсең, қара тасы да, сусыған құмы да алтындай жарқырайтынына кім дау айта алар дейсің. Сол ұлы қазына – бүгін қаржыны триллиондап есептеуге, екі онжылдықта миллиардерлердің төбе көрсетуіне мүмкіндік беріп, Арқадан айбынымызды асырған, Есілдің екі жағалауына дәулетіне сәулеті сай Астана тұрғызуымызға қол жеткізді. Бұл бардың арқасы, жоқты жонып отырғандар мұндай биікке өмірі көтеріле ала ма? Жоқ.

Тағылым алар тарихқа ой жіберсең мемлекеттің шығуын меншікке телиді. Сол меншікке жерің болса ғана ие екенсің. Онсыз «...жетім, жетекшіл халықсың» (Ә.Бөкейханов). Біздегідей ұлан асыр жер емес, ұлтарактай жерге қолы жетпей, жетімнің күйін кешіп жүргендер, барынан айырылып, бастан бағы тайып, ұлттық рухын өлтіріп, ақыры өзі сатқан қандастарының қарғысына ұшыраған Проспер Мерименің «Таманго» новелласындағы Таманго тағдырын бастан кешкендер жер бетінде жоқ дей аламыз ба? Санамызда қорытып сабақ алсақ, озбырларға алданып, құлына айналғандар, соңында үнсіз көз жұмғандар алты құрлықта жетіп артылады. Ал осынша бақ пен тақ, бақыт сыйлаған, «Күн барда жұлдызды сезінбейсің» (Тагор) деп Тәңірім адал ниетімізге, ата-бабаларымыздың Алладан ағынан тілеген тілегіне осынша ұлан-асыр жерді бергеніне

тәубе деуге тиістіміз. Тек көкейден кетпейтін көп сұрақтың бірі – біз осы жеріміздің қасиетін танып білдік пе, сезіп түсіндік пе?

Әлемнің небір алпауыттары келіп, игеріп жатырмыз, өндіріп жатырмыз дейтін байтағымыздың оңайлықпен бүгінге жетпегенін, адам айтқысыз сойқандарды бабаларымыз бастан өткергенін, енді сол жерді жырмыштап алып байып жүргендерден шын иесі кім десе, не дер екен? Егер, сен болсаң, қосқан үлесің, сіңірген еңбегің қайсы дегенде, күмілжімей нық тұрып таразы басында теңеуге әлгінің өресі жете ме? Қайдам, олай деп батыл айта алмаймыз-ау! Себебі, кейде Алладан бұрын бәрін өзі жаратқандай өлермендік жасайтындардың қиямпұрыс жат қылықтары, жемірлігі, жемқорлығы, алаяқтығы, жылпостығы, екі жеп биге шықсам деген арам пиғылдары ондай арлылықтан ада екенін көріп отырмыз.

Бір замандары қазақ жері 4,2 миллион шаршы шақырым болыпты. Қазіргі біздің несібемізге бұйырғаны – 272,5 миллион шаршы шақырымнан сәл артық. Әрине, аз жер емес. Осынша жағрафиямызға демографиямызды қайтсек сәйкестендіреміз, оңайға бой бермейтін тұлпардың түгіндей қалың қазақты көбейтудің жолы қайсы? деген тағы бір ой қылаң береді. Бұл біреулерге артықтау естіліп, қиялдай көрінер. Әйтсе де жерге сай ұлт болуы тиіс. Қалай десек те, Қазақ елінің көсегесін көгертетін ұлттық демография.

Елбасының болашақта Отанымызды «Қазақ мемлекеті деп атайтын боламыз» деп айтуы жай сөз емес, айдай ақиқатты мензеп отыр емес пе?

Жерсіз мемлекет бола алмайсың, басың қаңғырып қалады дегенді сонау аңыз заманда Мөде қаған да айтқан. Ол: «Жер – мемлекеттің негізі» деп ниеті бұзық тұлпарына көз салғанда қиналмай берген, сүйіктісіне сұқтанғанда, алтын құрсақ аман болса, тағы болар деп қиған, ал ұлтарактай жер сұрағанда енді көнуге болмайды деп атқа қонған. Мұндай арпалыс аз болды ма?.. Осы аралықта қазақ жұртының жеріне қырғидай тигендердің қылмыс дерлік жат қылықтарын кейінгі ұрпақтың есіне сала кетсек, артық бола қоймас. Мәуілжіп піскен алма бағындай тұнып тұрған жер кімнің де болса көкірегіне «кесел», көзіне жыбырлаған құрт болмай қойған ба? Үстемдігін жүргізген Ресей патшалығы басы артық жер деген сылтаумен, айласын асырып, қазақ арасына сына қағып, саңылау түсіріп отырған. Қазақ жерін келімсектерге үлестірген. Ал қазақты атажұртынан түре қозғап, қоныстандырудың резервациясына ұшыратқан.

Соның кеселді кесірінен 45 миллион десятина құнарлы жерінен айырылып, қазір құнарсыз өңірде отырған халқымыздың кейбір бөлігінің ауыр халі сол кезден басталған. Сол құнарсыз қу тақырдың 10-12 млн. гектарына не егін өспейді, не мал жаюға жарамайды. Тың көтеріміз деген ұранды жылдары 25 миллион гектар жеріміздің тас-талқаны шықты. Қазақты жерден айыру кезіндегі адам төзгісіз зордың зорлығы жан түршіктіреді. Оған мына дәйек мысал болады. Дума депутаты Сидельников (1907): «Жерінен айырылған қазақ сорлылар – 92 мың үй, қыстың күні судан шығарып алып, мұздың үстіне тастаған балық сияқты тулап жатты», деген дерек қалдырған. Осындай теңсіздікті қайтсек жоямыз, ұлтымыздың кеткен есесін қалай қайтарамыз, құнарлы жерге оралудың жөні қайсы деген идеяны алғаш көтерген Алаш арыстары еді. Олардың алдында – қазақты қайтсем оятам, ойлантам, қатарға қосамын, қабырғасы сөгілмейтін, көз-жасы төгілмейтін жұрт етемін деген дара данышпан Абай бар еді. Ол: «Жоқ, бірлік – ақылға бірлік, малға бірлік емес. Малыңды беріп отырсаң: атасы басқа, діні басқа, күні басқалар да жалданып тірлік қылады. Бірлік сатылса – антұрғандықтың басы осы», деп өзгеге малыңды беріп жалпылдама, баянды тірлігіңді ойла дейді. Сол Абайдың ұлылығын Алаш арыстарының артында қалған мұрасын парақтап отырғанда, әсіресе, биылғы жүз жылдығы аталып өтіп жатқан «Қазақ» газетін ерінбей оқысаң, көзіңіз жетеді. Жерім деп жанталасқан жампоздардың басқыншылардан қаймықпаған ерен ісіне еріксіз бас иесің. Әлихан Бөкейхан: «Жер десе дірілдемей болмайды. Сонда да жер мәселесі негізгі өмір мәселесінің ең зоры. Жер ісін ала қашты, тартып алды, тиіп кетті қылмай, ақыл мен сабырмен атқарған оң», деуі соған дәлел.

Ел болғаннан кейінгі қазақ жерінің тағдыры қалай шешіліп жатыр деген сұрақ кім-кімді де болса толғандырмай қоймайды. Қазақтың жері – қазақтың демі. Осыны Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев ерте аңғарғандығынан шығар: «Біздің бүкіл тарихымыздан мен екі олжамызды бөліп айтар едім. Оның біріншісі, әрине – ата-бабаларымыз өздерінің қанын төгіп, жанын беріп жүріп, ақ найзаның ұшымен, ақ білектің күшімен қорғап қалған қазақтың қасиетті жері. Тағы бір олжамыз – сол ата-бабаларымыздың арқа сында бар бояуымен, сырлы сазымен осы күнге аман-есен жеткен түп-тұнық, мөп-мөлдір қазақ тілі», деуі еді. Тағы бірде Мемлекет басшысы жеріміз жайлы: «Экономиканы көтеріп тұрған киттердің бірі болып табылады», деді. Осының өзінен-ақ қазақ жерінің салмағын көру қиын болмаса керек.

Жер қорымыз алда дәйек тегеніміздей 272,5 миллион гектар десек, оның 34 пайызы ғана шұрайлы саналады. Орманды алқабымыз 26 миллион гектар, бұл ел аумағының 4,6 пайызы. Солақайлықтың кесірінен соры қайнаған ұлтымыздың 10 пайызы ғана ауыл шаруашылығына қолайлы аймақтарда тұрады. Ғалымдардың зерттеуінше қолайсыз аудандардың 87 пайызы, ал экологиялық жағынан апат аймағы деп есептелетін жерді мекен етіп жатқандардың 95 пайызы өз қаракөздеріміз екенін де еске сала кетсек дейміз. Отанымызда құнарлы жер әр адамға шаққанда 12-13 (жалпы жер тұрғындарға 17) гектардан келеді дегенмен, бұл үлес барлық өңірде бірдей емес. Мысалы, Жамбыл облысында құнарлы жер жанбасына шаққанда – 2,16, Алматыда – 1,4, Қызылордада – 1,09, Маңғыстауда 0,3 гектардан келеді. Бұл бүкіл Отанымыздағы құнарлы жердің 13 пайызын ғана құрайды. Осы аймақтарда тұратын бауырларымыз – 60 пайызға жуық. Еліміздегі 180 миллион гектар жер шөл және шөлейт аймақтар. Осындай қолайсыз жерді мекен еткендерге өзіміз үлгі етіп, көп айтатын дамыған мемлекеттер 200-250 пайыз көлемінде үстеме төлейтін көрінеді.

Басқыншылықтың жоғарыда айтқан зардаптарын аяусыз тартқан жұртымыз елдігін алған соң жер мәселесін заңмен реттеуге ұмтылды. Алғашында «Жер туралы» Жарлық шықты. Кейін социалистік жүйені нарықтық экономика талабына орайластыру үшін Жер кодексі қабылданды. Ондағы мақсат, жерге мемлекеттік меншік монополиясын жойып, жердің кейбір түрлеріне меншік енгізу, тіпті қажет болып жатса ақылы пайдалануға жол ашу, мемлекеттік емес шаруашылықтарды орнықтыру еді. Әлемде осы жүйе қалыптасқан, жер иеленушілерге нарық талабына орай еркіндік алады, бәрі мемлекеттің қатаң қадағалауында болады, ең бастысы бұл Кодекс жердің асты-үстіндегі байлықты халық игілігіне тиімді пайдалануға мүмкіндік береді, Отанымыздың серпінді дамуына септігін тигізеді, жер құнары артады, ол дәйім бақыланып отырады, қорғалады, жер мониторингі үздіксіз жүргізіледі дедік. Жер кодексінің 50-бабында ел азаматтарына 0,10 гектар көлеміндегі телім жеке тұрғын үй құрылысы үшін тегін алатынын да заңдастырдық. Жеке тұрғын үй салатын жерлерді дайындап беру керектігі де Кодексте нақтыланды. Бұл туралы Үкімет арнайы (2006 жылғы 1 тамыз, №726) Ереже бекітті. Тіпті, жекеменшікке сатылған 248 мың гектар жерден 5,6 миллиард теңге түскенін жарыса жазғанымыз есімізде. Латифундистер бел алып кетпей ме деп күдіктенгендерге, жоқ, Үкіметтің нөмірі 1071 қаулысында көрсетілгендей латифундизмге жол берілмейді делінді.

Президент сол тұста: «Жерінің сапасы жағынан, сондай-ақ табиғи және әлеуметтік мөлшері жағынан алғанда да миллионға жуық адам өзіндік жетімділіктің ең төменгі жағдайында өмір сүріп жатқанын еш бүкпесіз тілге тиек етуге болады», деп «Мен Үкіметке ауылдық аймақтардың тұрғындарын келешегі болатындай етіп қоныстандыру үлгісін жасауды тапсырамын... қоныс аударушыларды жермен және тұрғын үймен қамтамасыз ету, мамандықтарға бейімдеу мәселелерін шешу шарт» екенін қадап айтқан болатын. Сонымен қатар, жердің құнарлылығын арттыру арқылы адамдардың денсаулығын жақсарту мәселесін де қозғап: «Барлық адамдардың экологиялық таза ортада өмір сүруге, жақсы әлеуметтік қызмет көруге ұмтылатыны белгілі. Бұл ниетті қолдау керек. Шұрайлы жері, іргесінде оның өнімін өткізу рыноктары, қолайлы көлік желілері де

бар өңірлерде ауылдың қалыпты тіршілік етуге жағдайы толық екені айдан анық», деп келелі істерді кеңінен атап, барды оңалта беруді қадап тұрып тапсырған болатын.

Осы өзгерістің бәрі нарық талабы деп білдік. Капитализмге бет бұрып, нарыққа ден қойсаң – бәрі ретімен келе береді дедік. Сөйтсек, олай емес екен. Мінсіз деген нарығыңыз да тәртіпке бағынбаған, заңға ұйымаған жерде қарық қылмайтынын, капитализмнің де «бет шырайына» адалдықпен қарамасаң, «кәрілікке» бой алдыратынын – соның айқын айғағын қазір дүниені дірілдетіп тұрған АҚШ-тағы, ұлы Абайдың: «Шығысым батыс болды» дейтін батыстағы аласапыран дағдарыс, билік пен халық арасындағы талас-тартыс көрсетіп отыр. Оның астары қайда жатыр дегенге Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың «Қазақстан-2050» стратегиясында тайға таңба басқандай талдаған ХХІ ғасырдың жаһандық 10 сын-қатерге ой жіберген белгілі ғалым, сенатор Әділ Ахметов «Құндылықтардың құлдырауы әлеуметтік тұрақсыздыққа соқтыратын сын-қатер» («Е.Қ», 20 сәуір, 2013 ж.) атты мақаласында үңіліп көрген. Ол Нобель сыйлығының лауреаты, кезінде Билл Клинтонның экономикалық мәселелер жөніндегі кеңесшілер тобын басқарған Джозеф Стиглицтің «Теңсіздік құны» атты еңбегінде көрсетілген нарықтық экономика мен саяси жүйенің әділетсіздігін, әлеуметтік теңсіздік қалыптастыратын дағдарыс байлар үшін табыс көзі болатынын, оған АҚШ-та соңғы 30 жылда қоғамның 99 пайызын құрайтын төменгі жұрттың айлығы 15 пайызға әрең өссе, 1 пайыз алпауыттар айлығы 150 пайыздан, шексіз байығандардың табысы 300 пайыздан асып жығылатынын алға тартады. Ондайлардың бір айдағы айлығы мен қатардағы қызметкердің алатын нәпақасы арасындағы алшақтық, тәртіптің «кұлы» Жапония елінде 16 есемен шектелсе, АҚШта 200 еседен артып жығылатын көрінеді. Осындай теңсіздікті бүркемелеу үшін орташа жалақыны ойлап тапқандардың ісі, атам қазақтың құрттың атын жаңылтып, малта қойдының кері екенін екінің бірі түсінсе керек. Бұл капиталистік қоғамда баяғыдан қалыптасқан жағдай делік. Ал өз қоғамымызға қарасақ, осы әділетсіз бөлініс бізде де бар екенін, екі онжылдықта байлар мен кедейлер арасындағы табыс айырмашылығы 30 есеге дейін алшақтап кеткенін ғалым экономистеріміз айтып, желеудің артындағы ақиқатты дәйекті мысалмен алдымызға жайып салады.

Нарықтың оңай қарық қылмайтынын кейін түсініп, жатқанға жан жуымайды, жүргенге жөргем бар, бұл жүрісім қай жүріс, жер тіршілік тірегі, үлесіме тиген жерімді тауып, бір тірлік жасайын деген кейбір момындардың оянуы қазір дау-дамайға ұрындыруда. Олар кезінде пысқайлардың алдауына түсіп, жерінен айырылып, жер шұқып қалғанын енді біліп отыр. Оған мысал аз емес. Теледидардағы сондай бұқараның ащы айқайынан құлақ тұнады, басылымдардағы дау-дамайлардан көз сүрінеді. Сондай жер иеленушілердің кесірлі іс туралы әкімдермен әңгіме үстінде Президент: «Маған келіп жатқан мәліметтерде жайлауға мал айдайық десек, жол жоқ. Бәрін бөліп-бөліп алған дейді. Қай ауданның малы қайда жайылатынын білем ғой. Жайлау ортақ болу керек. Ол қысқа мерзімде ғана пайдаланатын жер», деген болатын. Сол тапсырманы ескермей кейбір ауыл тұрғындарының аузын ағартып, тәнін жабуға сеп болып отырған аз малын өріссіз қалдыру тоқтамай тұр. Жасыратын несі бар, жер жекеге берілді дегенмен, сол жер шын иесін тапты, деп батыл айта алмаймыз. Өйткені, қазір қазақ жері, қайталап айтамыз, бітеу жараның «кейшінде». Қолы ұзындар, билік бишігін ұстағандар қалада отырып-ақ, ауылдағы жамағайынның атынан керекті тастың ауырлығы жоқ, ертең егін егіп қалармыз, мал өсірерміз, болмай бара жатса сатып жіберерміз, деп атажұртында отырған бауырларының несібесін сыртынан көз тоймастықпен қарпып қалуда. Игерілмеген жерлердің бір ұшығы осында жатыр.

Жер бөлінісінде, яғни 2008 есеп бойынша 87,3 млн. жердің 98 пайызы қожалықтар мен мемлекеттік емес заңды тұлғалардың қолына берілген. Астықты аймақтарда бір шаруа қожалығына 50-ден 360 гектар жер тисе, халық тығыз орналасқан оңтүстікте бұл көрсеткіш 0,5-тен 5 гектар ғана. 1991 жылдан бері Батыс Еуропаның 60 пайызына тең келетін, ауыл шаруашылығына тиесілі делінетін 222,24 млн. гектар жердің құнарын

күтімсіздіктен төмендетіп алыппыз. Жалпы суармалы жер 1990 жылы 2,3 млн. гектар болса, оның қазір 1,3 млн гектары ғана ел игілігіне жарап отыр, қалғаны қараусыз қалған.

Жер қадірін білмей, қасиетін түсінбей жібекті жүн еткендердің, билікте жүргендердің оралымсыздығын Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев дер кезінде аңғарып, жер қатынастарына қатысты проблеманы қатаң көтеріп, кешенді түрде түген - деу жүргізуді Үкіметке тапсырып еді. Осыдан кейін іске кіріскендердің мәлі - меттеріне көз жүгіртсең, Отанымыздағы ауыл шаруашылығына арналған телімдердің 5,6 млн. гектары, яғни 71 пайызы игерілмеген. Жайылымдық жердің де жайы көңіл көншітпейді екен. Бос жер 108 млн. гектар немесе еліміздің есептегі жер қорының 41 пайызына тең.

Кең дала өз алдына «...Амалында қосу мен көбейту жоқ... Мен түгілі, көктегі Құдайға анық, Көз атаулы барады лайланып: Бөлу менен алудың күні туды, Көбейту мен қосуың былай қалып», деп қыран қанат қырағы ойдың ақыны Серік Ақсұңқарұлы айтпақшы, ірі қалалардың маңындағы және құнарлы өңірге орын тепкен аудандар мен оның орталықтарындағы жерге қатысты дау күн санап өршу үстінде. Неге десеңіз, сол жерлер бизнес көзіне айналып, жұртты алаңдатуда. Осы тұста тағы да Елбасы тиісті мекемелердегі билік бишігін ұстағандарға ескерту жасап, жер телімдерінің қожайындары шенеуніктер екенін айтып: «Қазір осы жер телімдерін нарық бағасымен бірнеше миллионға сатқысы келеді. Бірақ оған жол берілмейді, егер олар жерді мемлекетке қайтармаса, болашақта біз мемлекет мүддесіне қайыратын боламыз» деп, «Мен Үкіметке күмәнді жекешелендіру жүргізген, сөйтіп, телімдердің құнын көтеріп отырған нақты жер иелері мен жалған жер иелерін тексеруге тапсырма беремін», деген еді. Содан бері жер түгендеу ісі алда меңзегеніміздегідей жоғары қарқынмен қолға алынып, көптеген заңсыздықтардың беті ашылуда. Ауыл шаруашылығына тиесілі игерілмеген 3 млн. гектардан асатын 7 мыңға тарта жер телімі анықталған.

Жоғарыдағы Президент тапсырмасы бойынша атқарылған жұмыстың нәтижесі қандай деген сұраққа ден қойсақ, жеке тұрғын үй құрылысын салуға бөлінген жер телімдерін түгендегенде 44 мыңға тарта пайдаланылмай жатқан жер учаскелері анықталып, өзге де заң бұзушылықтар дәйектелген. Игерілмеген жердің 57 пайызы бес жылдан бері бос жатыр екен. Ауылдан күй кетіп, қалаға ағылған жұрттың жағдайын жақсарту үшін еліміздің азаматтарына бір рет 0,10 гектар жерді тұрғын үй үшін тегін беру заңда тиянақты түрде дәйектелгенін де назарға салғанбыз. Сол тиесілі жерге ел азаматтары, әсіресе, үйсіз-күйсіз базар жағалап, арба сүйреп жүрген қазақтардың дені қол жеткізе алды ма? Иә, деп батыл айта аламыз ба? Қолы жеткендер алды. Көп жағдайда тегін берілсін деген жерге жете алмайтын болған соң, тамыр-таныстықпен тесік тауып, тесік қалтасын қағып, ақшасын берген қара халық ұтылып жатты. Жер үшін қызыл кеңірдектескендер – баяғы ауылдағы қойшы мен егінші, солардың ұрпақтары.

Қазір жұртты күпті етіп отырған бір мәселе Жер кодексінде заңдастырылған тұрғын үй тұрғызуға 10 сотокты тегін беруді тоқтату туралы ұсыныс та болып тұр. Ол Астана, Алматы, облыс орталықтарына қатысты көрінеді.

Уәж айтушылар 2008 жылы жерге кезекке тұрғандар 300 мың еді, соңғы уақытта олардың саны 3 есеге артты, 1,3 миллионға көбейді, дейді. Өтініштерді қанағаттандыру үшін 80 жыл керек болып тұр, дегенді де қосақтайды. 1,3 миллионның қаншасы шын үйсіз-күйсіз? Соны неге анықтамаймыз? Аумалы-төкпелі жылдары асығыстық жасап өркениетті елдер тек қана қалада, қала маңында тұрады дедік. Бұған иланған халық қалаға қарай ағылды. Ауылдар қаңырап бос қалды. Енді ауылға қайтара алмай әлекпіз. Осыдан тағы бір мәселенің күрделене түскенін көріп отырмыз. Ол «болашағы» жоқ ауылдар. Болашағы жоқ дегенге күмәнмен қарауымыз керек. Себебі, біздің жеріміз мүлде іске алғысыз емес. Жоқтан бар жасап, мемлекеттің мерейін өсіріп отырғандар әлемде аз ба? Жері жұтаң, тастақ Израильдің, 80 пайыз жері таулы Оңтүстік Кореяны, үйдің төбесін, теңіздің түбін пайдаға асырып отырған Жапония бұл сөзімізге дәлел.

Кемеңгер Абай: «Атам-анам – қара жер, Сен аша бер қойныңды» деген екі метр мәңгілік мекеніміздің де құны күн санап өсіп барады. Оны да бизнес көзіне айналдырдық.

Тағы да жерге қатысты мына бір деректерді алға тартсақ дейміз. 407 мың гектар егістік жердің жартысының өнімділігі төмен екен. Жер кодексінде жер құнарын төмендетпеу нақты көрсетілгенімен оны орындамаған секілдіміз. Ол неге орындалмаған деген сұраққа жер жекенің қолында деген уәж алға тартылады. Заң талабын қадағалайтындар қайда қараған дегенге келіп-кетіп жатқандар жауап бермейді. Өтті кетті деп сытылып шығады. Енді сол құнарын жоғалтқан жерді жөнге қоюдың жолы қайсы? Біз бұл сұрақты академик Сейфолла Әбдірайымовқа қойғанымызда: «Қатып қалған жерді жібітуге болады, КСРО тұсында жері іске жарамай қалыпты, көмек беріңіз деп мені Моңғолияға, Иеменге дейін жіберген. Кеңес заманы құлаған соң, өз алдына ел болған Әзербайжанның атқа мінерлері мені арнайы шақырып, жерімізді тоздырып алыпсыз, енді осыны қалай қалпына келтіруге болады, деді. Ол жерді қайта түлету үшін 100 тонна изен, теріскен, жусан тұқымдарын беретінімді айттым. Әрине, тегін емес, саттым. Иә, қазақ жері де тозып барады. Оны тоздырған өзіміз. Ата-бабаларымыз біз жарамсыз деп мұрнымызды шүйірген жерде өмір сүрген. Ғалым болмаса да ақыл-ойына сүйеніп әр маусымдағы мал өрісін, егін алқабын ауыстырып отырған. Иесіз бос тастамаған. Қазір «майлы жіліктен» ауыз босамай тұр. Ол да таусылар. Сонда жер бетіндегі байлық алтынмен бағаланады. Біз бір кездері жердің құнарын арттыру үшін біраз тірлік жасағанбыз. Жер тыңайтудың ғылыми негізін қалағанбыз. Әр жыл сайын 300 тоннадан 500 тоннаға дейін шөп тұқымдарын әзірлеп, құнары қашып бара жатқан жерді тыңайтып отыратынбыз. Ол қазір азайды, жұқанасы ғана қалды. 280 өсімдікке зерттеу жасап, жерімізде жақсы тамыр жаятын 10 жаңа шөптің сортын шығарып едік», деп 63 миллион гектар жер тозғындау (деградация) алдында тұрғанын, 16 миллион гектар жердің тынғанын, яғни, «өлгенін» алға тартып, мүлде өлтіріп алмау үшін қимылдау қажеттігін ескерткен.

Шіркін, қазақтың жерін-ай десеңізші! Соның қадір-қасиетін ерте ұққан атабабаларымыз жылдың төрт мезгілінде байтағының құнарын тоздырмай, тозаңға ұшыратпай сақтап бізге тұнып тұрған тұма суындай тұнық күйінде тапсырып еді. «Жердің көгін жұлған көгермейді» дегенді де айтқан қазақ. Кескін-келбеті, бітімболмысы, ой-өрісі, парасат-пайымы бөлек, қазір арамызда жоқ ұлтымыздың ұлағатты ұлдарының бірі ғана емес, бірегейі Қаратай Тұрысов ағамыз редакцияда болған бір әңгіме үстінде: «Көп жұрттың Қызылқұм, Қарақұм десе, көздері шарасынан шығады. Жоқ, ол жердің асты да, үсті де тұнып тұрған байлық. Анау Алатаудың қолтығындағы тұрған суы кәусар, ауасы шипа Көлсай, көлдер көмкерген мына Көкше өңірі, анау бір кездері ғарышкерлер демалған, өзіміз әлі қажетімізге жарата алмай жүрген Алакөл айдыны, даламыздағы дәрілік шөптері, аңқұсы, тау-тасы, ең аяғы жаныңа жұпар сыйлайтын бір түп жусаны – бәрі-бәрі керемет емес пе?! Соны зерттеп, зерделей алмай жүргеніміз қалай?» деп еді-ау!

Бұрын жер туралы былайғы жұрт көп айтатын да, биліктегілер мен халық қалаулылары сырт қала беретін. Соңғы кездері билік тұтқасын ұстағандар заңға өзгеріс енгізуді жақтаса, кейбір халық қалаулылары бұған өздерінің қарсы тұжырымдарын білдіруде. «Ақжолдық» Алмас Тұртаев: «10 сотық жер телімімен мыңдаған отбасылардың үміттері мен тағдырлары сабақтасып жатыр. Атабабаларымыздан мұраға қалған байтақ жерімізді талан-таражға салуға «Ақжол» партиясы жол бермейді», деп бір қайырып тастап, артынан: «Егер сол жер беру мүмкіндігінен айырып тастасақ, меніңше шиеленіс сонда болатын сияқты. Қала маңындағы жекеменшікке өткен жерлер қалай өтті және кімнің жерлері», деген сұрақты төтесінен қояды.

Иә, қазақ жерінен іздегеніңнің бәрі табылатынын осы күні бізден гөрі шетелдіктер жақсы білетіні айдай анық. Әлемге танымал академик Н.Вавилов 1930 жылы Лондонда өткен бір алқалы жиында Жетісу жері туралы тамсана айтып: «Алматы алмалар қаласы деген ұғымды білдіреді» десе, ХІХ ғасырда Қытай ғалымы Хэцю Тао: «Ежелгі үйсіндер жеміс ағашын еккен», депті. Алматының алмасы 1900 жылы Парижде, 1908 жылы Германияда өткен көрмеде жұрттың аузын аштырып, көзін жұмдырыпты. Үлкендігі баланың басындай 2 фунт салмақ тартатын алмалар аңызға айналыпты. Біз осы күні сол

аңызға айналған алманың түрлерін түлетіп, салмағын арттырмақ түгілі қолдан отап, жұрдай болып, құрт жемейтін, дәм-татуы жоқты күртілдетіп жүрміз.

Шу өңіріндегі 138 мың гектар жерді алып жатқан қара сора шөбі десе, есіміз шығады. Оның да дәрілік керемет қасиетін көбіміз біле бермейді екенбіз. Ол да шикізат қоры, көзін тапсаң пайда әкелетін көрінеді. АҚШ және Испания ғалымдары одан бөліп алған зат рақ, қант диабеті, эпилепсия, шизофрения, семіздік тағы басқа кеселдерге септігі тиетінін анықтаған.

Қызылмиянның да қып-қызыл пайда әкелетіні дәлелденген.

Қалай десек те келешекте жері байтақ қазақтың бүгінгідей абыройын асыратын мал, астық жер бетіндегі өнімдері болады. Бүгінгі асқақ естілетін сөзбен айтсақ – бренд. Өйткені, ас ішпейтін, киім кимейтін кім бар? Ас атасы нан – алтын дәннен пісірілсе, бал қымыз, бал қаймақ, шұғаторқа – бәрі ақтылы қой, алалы жылқы, табын-табын зеңгі баба өнімі емес пе?

Күннің шұғыласына шомылып отырып, оның да көлеңкесінің болатынын, бірде батып, бірде жарқырайтынын естен шығармағанымыз жөн секілді. Мына бір деректі келтіре отырып, ойымызды жинақтасақ дейміз. Осыдан 100 жыл бұрын жер бетіндегі әр тұрғынға 15 гектар жерден келетін болса, бүгінде әр адамға 2 гектар тиесілі екен. Ал, біздің Қазақ елінде бір тұрғын 17 гектар жер еншілеуде. Осыған қарап-ақ, теңдессіз байлық қазақ жұртында екенін пайымдасақ, қане. Бәрін сатып алуға болады, адам да құлдыққа сатыла бастады. Ал, жерді сатып ала алмаймыз. Осыны кеудесінде жаны бар, тамырында қаны бар қазақ ұқса дейміз. Біз сөздің басында Алаш ұлыларына жүгініп едік. Ұлтын шын сүйгендер қылша мойнына қылыш тақалып тұрса да, жасқанбаған, қара басын емес, халқының қамын жеген арыстар 1914 жылы, яғни осыдан 99 жыл бұрын «Қазақ» газетінде «Жер жалдау» деген мақалада: «Былыр осы ауылдың атқамінер отағасылары мен бірсыпыра ілкімді жастары мешіт салуға жаратамыз деп 300 десятина жерді бір орысқа арендаға берген еді. Бірақ онан бері бір жыл заман өтті, не ақша, не мешіттің қайда жүргенін білген кісі жоқ. Бұл – былтырғы іс. Енді биыл тағы да әлгі отағасылар мен ілкімді мырзалар мешітті сылтау қылып, жұрттың ризалығынсыз 250 десятина жерді арендаға беріп отыр. Бұған риза болмаған бірсыпыра адамдар бастапқы кезде олай қыламыз, бұлай қыламыз деп жүрді, бір күні әлгі атқамінерлер бір мал сойып, етке тойғызған екен, қарқындары сонымен басылыпты. Сорлы қазақ бір күн етке тойса, 100 жылғы пайдасын ұмытатынын жазған ғой!» депті.

Әлем елдерінде сатылатын жер шектеулі. Мысалы, ауыл шаруашылығы жерлері АҚШ-та – 3 пайыз, Ұлыбритания, Израиль, Франция, Италияда – 2 пайыз, Голландия, Бельгияда –1,5 пайыз болса, Батыста жердің 40 пайызы ғана жалға беріледі. Швеция, Қытай, Германия мемлекеттерінің 96 пайыз жері мемлекет қолында, тек жалға беріледі. Ал ақыл-ойдың иесі деп танылған Жапония жер сатуға мүлде тыйым салған.

«Еліміз біреу-ақ – ол Қазақ елі. Біздің бәріміздің қанымыз бір, болашағымыз бір. Осы Отанды сақтау, тәуелсіздігімізді әр уақытта көзіміздің ағы мен қарасындай күзету – бәріміздің борышымыз. Әсіресе, ер адам дардың. Қасық қаны қалғанша елімізді, жерімізді ата-бабамыз сияқты сақтауымыз керек», деген тәуелсіз Мемлекетіміздің Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың сөзін әрқайсымыз ат үстінде отырып еске түсірмей, қара табанымызды қара жерге нық қадап тұрып, ардан аттамай, ұяттан безбей, жалған сөйлемей, алданбай, арбалмай орындасақ жетіп жатыр. Бәрі қисық-қыңырсыз, айқай-шусыз, реніш-қарғыссыз ұлт жұмысы, жұрт ісі дағдылы жолмен жүре бермек.

Сүлеймен МӘМЕТ